



DARINA

ПАЙДАЛАНУ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ



4781999



**ГАЗ
ПЛИТАСЫ**
Тұрмыстық типі GM



www.darina.su

E-mail: info@darina.su

В контакте : vk.com/club68355458

Тегін жедел желі: 8-800-775-80-78

EAC

GM441 00 000-03 P3

You Tube

GM типті тұрмыстық газ плитасы ТШ4858-004-53500398- 2006, КО ТР 016/2011 талаптарына және «Санитарлық-эпидемиологиялық қадағалауға жататын тауарларға қойылатын бірыңғай санитарлық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарға» сәйкес келеді.

1. Маңызды ұсыныстар	2
2. Қауіпсіздік талаптары	2
3. Орнату	3
4. Жалғау	3
4.1. Қатты жалғау	4
4.2. Иілгіш жалғағыш жең арқылы жалғау	4
5. Құрылысы мен жұмыс принципі	4
6. Стилль	5
7. Жиынтықтылығы	5
8. Сипаттамалары	5
8.1. Техникалық сипаттамалары	5
8.2. Пайдалану сипаттамалары	6
9. Басқару панелі	6
10. Үстел жанарғылары	6
11. Жанарғылардың қақпақтары	7
12. Тұмшапеш	7
12.1. Тұмшапеш температурасын орнату	7
12.2. Тұмшапештің негізгі жанарғысын жандыру	7
13. Ұсыныстар	8
13.1. Үстел жанарғыларын пайдалану бойынша	8
13.2. Тұмшапеш жанарғыларын пайдалану бойынша	8
14. Плитаны күтіп ұстау	8
15. Егер бірдеңе олай болмай шықса	9
16. Тасымалдау және сақтау	10
17. Тозған аспапты	10
18. Зауыттың деректемелері	10
19. Ұлттық стандарттар тізбесі	11
Қазақ тіліндегі ақпарат	мұқабаның ішкі жағында

1. МАҢЫЗДЫ ҰСЫНЫСТАР



Плитаның зақымдалмағанына, жиынтығының толықтығына, және ГО 01-08 кепілдік міндеттемелерінде қосуды жүргізген ұйымның мертабаны қойылып, плитаны орнату және қосу күні көрсетілгеніне көз жеткізіңіз.

- Құрамында плитаны орнату, дұрыс пайдалану және оған қызмет көрсету жөніндегі маңызды ақпарат бар осы нұсқаулықты мұқият оқып алыңыз.
- Нұсқаулықты сақтап қойыңыз, бұл туындаған мәселелерді шешуге көмектеседі.
- Бұл аспап физикалық, жүйке немесе психикалық ауытқулары бар немесе білімі мен тәжірибесі жетпейтін адамдардың (оның ішінде балалардың) пайдалануына арналмаған, мұндай адамдарды қадағалап отыратын жағдайларды немесе қауіпсіздікке жауапты адам оларға осы аспапты пайдалануға қатысты нұсқаулар берген жағдайларды қоспағанда. Балалардың аспаппен ойнауына жол бермеу мақсатында оларды қадағалап отыру қажет.
- Аспап сыртқы таймерден жұмыс істеуге немесе қашықтан басқаратын бөлек жүйеден жұмыс істеуге арналмаған.
- Плиталарды пайдаланатын адамдар тұрмыстық газ плиталарын қауіпсіз пайдалану ережелерін білуге және осы нұсқаулықты мұқият оқып шығуға міндетті.
- Плита тек үй жағдайында пайдалануға арналған.
- Плитаны пайдаланған кезде орынжайдағы температура мен ылғалдылық артады. Сондықтан асуі бөлмесі жақсы желдетілетін болуы тиіс, бұл үшін табиғи желдету тесіктерін ашық ұстау қажет немесе механикалық желдету құрылғысы орнатылуы тиіс. Аспапты қарқынды әрі ұзақ пайдаланған кезде қосымша желдету (терезені ашу және тиімді желдету немесе механикалық желдету құрылғысын қосу) қажет болуы мүмкін.
- Егер желідегі газдың қысымы плитаның паспортында және тақтайшасында көрсетілген қысымға сәйкес келмесе, плитаны пайдалануға тыйым салынады.
- Плитаны сұйылтылған газға орнату кезінде газ баллондарын орналастыру және пайдалану Қазақстан Республикасындағы өртке қарсы режим ережелеріне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс.

Назар аударыңыз! Жанарғы жалыны 2,4 м/с астам ауа ағыны жылдамдығы кезінде өшеді.

! «Газ-бақылау» құрылғысы бар плиталардың модельдері жанарғыдағы жалын кенеттен өшкен кезде плитаның пайдалану қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бұл ретте газды жанарғыға беру тоқтайды.

Өртті болдырмау үшін мыналарға қатаң ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ:

- ▶ Ақаулы плитаны пайдалануға.
- ▶ Газдың шығып кетуін сіріңке және басқа ашық оттың көмегімен іздеуге.
- ▶ Плитаны өрт қауіптілігі жоғары орындарда орнатуға (ағаш, тұсқағазбен, жанғыш пластикпен жабылған және т.б. беттерге тым жақын орнатуға).
- ▶ Жұмыс істеп тұрған плитаны қараусыз қалдыруға.
- ▶ Плитаның үстіне жуылған кірді кептіруге.
- ▶ Плитаны бөлмені жылыту үшін пайдалануға.
- ▶ Плитаның қасында тез тұтанатын заттарды (жанғыш заттарды, аэрозольдерді, қағазды, шүберектерді және т.б.) сақтауға.
- ▶ Балаларды жұмыс істеп тұрған плитаға жақындатуға.

2. ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ

- ▶ Өрт болған жағдайда ортақ газ беру қранын және плитадағы қрандарды жабыңыз, **01** телефоны арқылы өрт қызметін шақырыңыз және отты сөндіру бойынша шаралар қабылдаңыз.
- ▶ Егер плитаның жанында желіге қосылған тұрмыстық электр аспаптары (электр оттықтары, тостерлер, кофе ұнтақтағыштар және т.б.) болса, олардың сымдары жанарғылар жалыны аймағына түспеуін қадағалаңыз.

Назар аударыңыз! Плитаға байланысты болатын ең таралған жазатайым оқиғаларкүйіп қалу. Өдетте олар мына жағдайларда болады:

- плитаның ыстық бөліктеріне тиген кезде;
- қайнап тұрған сұйықтықтар шалпылдаған кезде;
- алдыңғы жанарғыларда тұрған ыдыс аударылған кезде.

- Ұқыпты болыңыз, сәбилеріңізді мұқият қадағалаңыз, ең жақсысы плита істеп тұрған немесе суып тұрған кезде, оларды асуіге жолатпаңыз.
- Плита істеп тұрған кезде үстел мен тұмшашпештің жанарғылары, сондай-ақ есіктің әйнегі мен беткі панелдің кейбір бөліктері қатты қызadı және сөнгеннен кейін ұзақ уақыт жылуды сақтап тұрады. Абай болыңыз, оларға тиіменіз және балаларды ескертіп қойыңыз - күйіп қалуы мүмкін.

Назар аударыңыз! Газ иісі шыққан кезде газ беретін ортақ кран мен плитаның барлық крандарын жабыңыз, терезелерді ашып, газдың шығып кетуін жойғанға дейін отпен байланысты ешқандай әрекет жасамаңыз: сіріңке жақпаңыз, төмекі шекпеңіз, электр аспаптарын және жарықтандыруды қоспаңыз (өшірмеңіз). Газ шығып кетуін жою үшін дереу авариялық газ қызметін шақырыңыз.


- Мезгіл-мезгіл (жарты жылда кемінде бір рет) газ беретін иілгіш шлангтың күйін тексеріп отырыңыз. Қандай да бір ақаулықтар (жарықтар, балку іздері, материалдың қатаюуы) байқасаңыз, жөндеу қызметіне дереу хабарласыңыз. Газ беретін иілгіш шлангты газ плиталарын орнатуға және оларға қызмет көрсетуге құқығы бар мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері ғана ауыстырады.

Көп мөлшерде май қосылатын тағамдарды дайындаған кезде ерекше сақ болыңыз, олар тез тұтанады.

Біле жүріңіз! Тұтанған майды сумен сөндіруге болмайды, от шыққан ыдысты қақпақпен нық жабу керек.

3. ОРНАТУ

- Плитаны газ плиталарын орнатуға және оларға қызмет көрсетуге құқығы бар мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері ғана қосуы тиіс.
- Плита салыстырмалы ылғалдылығы 80% аспайтын құрғақ жерде пайдаланылуы тиіс.
- Плита осы пайдалану жөніндегі нұсқаулықтың талаптарына сай орнатылуы тиіс.
- Плитаны түтіндікке жалғауға болмайды.
- Өрттен қорғау дәрежесі бойынша бұл плита еденге орнатуға арналған «Х» типті аспаптарға жатады. Жанында тұрған жиһаз үстелдің жұмыс бетінен төмен болмауы тиіс. Плита қабырға бетінен артқы жағынан кем дегенде 70 мм, сол және оң жағынан - кемінде 20 мм қашықтықта тұруы тиіс. Плита торының бетінен плитаның үстінде орналасқан асүй жабдығы элементтеріне дейінгі арақашықтық кемінде 1 м болуы тиіс.
- Үсті плита үстелінің жұмыс бетінен биік болатын жиһаз, сондай-ақ асүй сүлгілері, перделер және т.б. олардың тұтануын болдырмайтын қауіпсіз қашықтықта болуы тиіс.
- Плитаны тұмшاپеш есігінің тұтқасынан ұстап жылжытуға тыйым салынады. Плитаның орнын ауыстырған кезде, тұмшاپештің есігін ашыңқырап тұрып, оны тұмшاپештің жоғарғы бөлігінен ұстап тұратын болыңыз.
- Қалқанша плита жиынтығымен келеді, ол плита орнатар алдында бекітіледі (1-сурет).
- **Қалқаншаны орнату** (Қалқанша плитаның ішінде төменгі жанарғының астында орналасқан. Қалқаншаны бетон негізі жағынан шығару керек. Қалқанша плитаның жұмыс үстелі артында орналасқан ойықтарға бағыттауыштар көрсеткен бағытта орнатылады.



1-сурет

4. ЖАЛҒАУ

Газ не қатты, не икемді апару көмегімен қосылуы мүмкін.

Қосу алдында қосылу шарттарының (газдың түрі және газдың қысымы) плита теңшелімдеріне сәйкес келетінін тексеріп алыңыз.

Плита теңшелімдерінің параметрлері плитаның артқы бетінде орналасқан тақтайшада келтірілген.

- Плитаны қосқан кезде, қымтаулық болу үшін, рампа мен газға арналған жеткізгіштің арасына газ сүзгісін орнату керек. Газ сүзгісі толымдауыш бөлшектермен бір пакетте орналасқан.

4.1. ҚАТТЫ ЖАЛҒАУ (2-сурет)

- Қосар алдында желідегі газдың қысымы плита тақтайшасында көрсетілген қысымға сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Плитаны газ тіреуіне немесе баллонға жалғауды қолданыстағы стандарттарға сәйкес жүргізу керек.

ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЖҰМЫС ПРИЦИПИ

- Газ тіреуіне қатты жалғау (2-сурет) өтпелі муфта (жеткізу жиынтығына кірмейді) арқылы жүргізіледі.

4.2. ИКЕМДІ ЖАЛҒАУ (3-сурет)


- Иілгіш жалғағыш жең арқылы жалғаған кезде мынадай талаптар сақталуы тиіс:

- тандалған иілгіш жалғағыш жеңнің сәйкестік сертификаты мен жасап шығарылған күнін, қызмет ету мен ауыстыру мерзімін көрсететін құжаты болуы тиіс;
- иілгіш жалғағыш жең бүкіл ұзындығы бойын қарап тексеруге қолжетімді болуы тиіс;
- иілгіш жалғағыш жеңді ештеңе қысып тұрмауы тиіс, оның майысқан жерлері болмауы тиіс және созатын күшке ұшырамауы тиіс;
- егер иілгіш жалғағыш жеңнің зақымданулары болса, оны бүтіндей ауыстыру керек, жөндеуге болмайды.


Есіңізде болсын! Қосылыстардың қымтаулығын тексеруді және газдың шығып кетуін іздеуді сіріңкелер мен басқа ашық от көмегімен жасауға тыйым салынады.

Есіңізде болсын! Плитаны орнына орнатқаннан кейін газ жіберетін иілгіш шлангының және қуат сымының күйін міндетті түрде тексеріңіз (4-сурет.) Олар түтіндіктің үстінен өтпеуі және плитаның артқы қабырғасына жанасып тұрмауы тиіс. Тұмшапеш істеп тұрған кезде онда оларға зиян келтіруі мүмкін жоғары температура пайда болады.


Есіңізде болсын! Плитаны жалғағаннан кейін үстел мен тұмшапеш 3-сурет жанарғыларының тұрақты істеп тұрғанына көз жеткізіңіз. Бұл үшін жанарғыларды «максималды жалын» күйіне жағып, 5 секундтан кейін «кіші жалын» күйіне ауыстырып көріңіз, жанарғы сөнбеуі тиіс. Жалын оттыққа кіріп кетпеуі керек. Содан кейін «максималды жалын» күйіне ауыстырыңыз. Жалын ажырамауы керек.



2-сурет




3-сурет



4-сурет

5. ҚҰРЫЛЫСЫ МЕН ЖҰМЫС ПРИЦИПИ

- Газ плитасы - бұл газ жанарғыларында газдың жануынан пайда болатын жылу есебінен тамақ әзірлеуге арналған арнайы құрылғы. Жанарғылар плитаның жұмыс үстелінде және тұмшапеште орналасқан. Газ жанарғыларының жұмысын басқару крандар арқылы жүзеге асырылады. Жанарғыларды жандыру үшін қолмен жандыру пайдаланылады (кез келген ашық от көзімен, көбінесе сіріңкімен, электр немесе пьезоэлектр оттықтармен). Жанарғының жануы үшін плантадағы арнайы тесіктер арқылы келіп түсетін бөлме ауасы пайдаланылады. Газ жану өнімдерін бұру үшін арнайы құрылғы қарастырылмаған. Плитаның құрамдас бөліктері жұмысының толық сипаттамасы осы пайдалану нұсқаулығының тиісті бөлімдерінде берілген.



5-сур.

6. СТИЛЬ

■ Плитаның сыртқы көрінісі, түрлік бөлшектерінің пішіндері, басқару тұтқаларының, есік тұтқаларының пішіндері, басқару панелінің суреттері, есіктің әйнектері плитаның стилімен айқындалады, стилі фирмалық тақтайшада және осы пайдалану нұсқаулығында латын әріптермен және цифрлармен көрсетіледі.

7. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

Р/с №	Құрамдас бөліктердің атауы	Саны
1.	Газ плитасы	1
3.	Үстел торы	2
4.	Май жинауға арналған науа	1
5.	Газ сүзгісі	1
6.	Пайдалану жөніндегі нұсқаулық	1
7.	Кепілдік міндеттемелері	1
8.	Қаптама	1
9.	Қалқанша	1

8. СИПАТТАМАЛАРЫ

8.1. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

■ Плита 2 класс, 1 кіші класс аспаптарына жатады. Плита 2-ші және 3-ші тектес газдармен жұмыс істеуге арналған. Номинал қысымы 1300 Па немесе 2000 Па табиғи газ (метан) ГОСТ 5542-87; номинал қысымы 3000 Па сұйылтылған газ (пропан-бутан) ГОСТ 20448-90 пайдаланылады. Плитаны табиғи сұйылтылған газға ауыстыруды және бір қысымнан екіншіге ауыстыруды 1-кестеге сәйкес жанарғылар шүмектері мен кіші жалын бұрамаларын (КЖБ) ауыстырып, КЖБ реттелетін крандар үшін 1-кестеге сәйкес газ шығысын реттеу және шүмектерді ауыстырып, мамандандырылған ұйымдардың қызметкерлері жүргізеді. Климаттық орындалуы ГОСТ15150-69 және ГОСТ15543.1-89 бойынша УХЛ4.

■ Үстел жанарғыларының саны, дана.....	4
■ Тұмшашаптегі температура диапазоны, °С.....	150-300
■ Тұмшашаптің көлемі, лл.....	50
■ Габариттері (ені x тереңдігі x биіктігі), см.....	50x51x85
■ Салмағы, кг артық емес.....	44

БАСҚАРУ ПАНЕЛІ. ҮСТЕЛ ЖАНАРҒЫЛАРЫ

- Газ құбырының жалғағыш бұрандасы G 1/2"
- «Газ-бақылау» құрылғысы бар крандардың тұйықталған кезде істеп кету уақыты, сек., артық емес
үстел жанарғылары үшін 10
тұшпапеш жанарғылары үшін 15
- «Газ-бақылау» бар крандар үшін жалын сөнген сәтте газ беруді сөндіру уақыты, сек., артық емес..... үстел жанарғылары үшін 90
..... тұшпапеш жанарғылары үшін 60

1-кесте

Жанарғы	Қуат- тылығы кВт	Табиғи газ ном. қыс. 1300 Па		Табиғи газ ном. қыс. 2000 Па		Сұйылтылған газ ном. қыс. 3000 Па	
		Таңбалау		Таңбалау		Таңбалау	
		шүмек	КЖБ	шүмек	КЖБ	шүмек	КЖБ
Жоғары қуатты жанарғы (алдыңғы оң және артқы сол жақтағы)	2,3	123	65	113	60	73	36
Қуаты қалыпты жанарғы (алдыңғы сол және артқы оң жақтағы)	1,9	110	49	101	49	69	29
Тұшпапештің негізгі жанарғысы	2,6	145	95	129	83	83	65
Плитада газдың максималды шығысы	-	1050 л/сағ		1050 л/сағ		612 г/сағ	


Ескерту:

«Шүмек таңбалауы» жолдарында шүмек тесігінің диаметрі ммх100-бен көрсетілген. Ауыспалы шүмектер мен КЖБ бөлек тапсырыс бойынша жеткізіледі. Реттелетін КЖБ бар крандармен жабдықталған плиталар үшін газ шығысын теңшеу КЖБ бұру арқылы жүргізіледі. Реттеу кіші жалында тұрақты жану қамтамасыз етілгенге дейін жүргізіледі. Газдың басқа қысымына ауыстырған кезде жанарғы шүмектерін ауыстырып, КЖБ ауыстырмай газ шығысын КЖБ арқылы реттеп алу қажет.

8.2. ПАЙДАЛАНУ СИПАТТАМАЛАРЫ ХАРАКТЕРИСТИКИ

- Тұшпапештің торында орналастырылатын өнімдердің жиынтық салмағы, артық емес, кг.....3
- Үстелдің торына жанарғының ортасы бойынша орналастырылатын, ішіне өнімдер салынған ыдыстың салмағы, артық емес, кг10
- Үстелдің торына орнатылатын ыдыстың диаметрі, кем дегенде, мм.....120
- Үстелдің торына орнатылатын ыдыстың диаметрі, артық емес, мм.....240

9. БАСҚАРУ ПАНЕЛІ



6-сурет. Плитаның панелі


1. Тұшпапеш жанарғысының кранын басқару тұтқасы.
2. Үстел жанарғысының кранын басқару тұтқасы.

10. ҮСТЕЛ ЖАНАРҒЫЛАРЫ

- Үстелдегі жанарғылардың орналасуы басқару панеліндегі әр кранның тұтқасы жанында бейнеленген, және жанарғылардың шекті күйінде жұмыс істеу қалыптарының символдары салынған.
- Барлық крандардың «кіші жалын» күйінде шектеуі бар, ол үнемді режимде тұрақты жануды қамтамасыз етеді.
- Жалынды реттеуді кран тұтқасын «үлкен жалын» белгісінен «кіші жалын» белгісіне дейін бірқалыпты бұрап жүргізеді.

ҮСТЕЛ ЖАНАРҒЫСЫН ЖАНДЫРУ:

1. Кран тұтқасын басып «үлкен жалын» күйіне



7-сур.

бұраңыз.

2. Отты үстел жанарғысына жағындатыңыз.


3. Тұтқаны өзіңізге қажетті күйге орнатыңыз.

Есіңізде болсын! Жанарғы жалыны сөнген кезде (кез келген себеппен) тұтқаны «жабық» күйіне орнатып, 1 минуттан ертелетпей қайта жандырып көру қажет.

11. ЖАНАРҒЫЛАРДЫҢ ҚАҚПАҚТАРЫ

Плитаның пайдалану сипаттамаларын жақсарту мақсатында және тор тістерінде эмальдің күйін төмендету үшін, қуаты жоғары жанарғының қақпағын (үлкен жанарғы) суретте көрсетілгендей, тор тістеріне қатысты бағдарлау қажет.

Ескертпе! Плитаны пайдалану кезінде жанарғылар аймағында үстел торы тістерінің ұштарындағы эмаль күйіп, кетіп қалуы мүмкін, бұл өндірістік ақау болып табылмайды және плитаның жұмысына әсер етпейді.



8-сур.

12. ТҰМШАПЕШ

Негізгі жанарғы тұмшапеш түбінің астында орналасқан. Ол кондитерлік бұйымдарды дәстүрге сай пісіру, ет, құс етін, балық және т.б. дайындау үшін қолданылады.

Тұмшапеш жиынтығына май мен шырынды жинайтын науа кіреді.

Назар аударыңыз! Тұмшапештің негізгі (төменгі) жанарғысы қосылып тұрған кезде, тұмшапештің түбінде әртүрлі асүй ыдысын, науаны қалдырмаңыз. Бұл тұмшапештің эмальданған жабындысының жарылуына (бұзылуына) және оны тазалау кезінде ықтимал жарақаттануға әкелуі мүмкін. Тұмшапештің артық қабырғасындағы түтіндіктерді (екі сопақ тесікті) жаппаңыз. Бұл жылу ағындарының бұзылуына және тұмшапеш жанарғыларының тұрақсыз жұмыс істеуіне әкелуі мүмкін.

12.1. ТҰМШАПЕШ ТЕМПЕРАТУРАСЫН ОРНАТУ

■ Тұмшапештегі жұмыс температурасын орнату және басқару жалынды бақылау автоматикасы бар кран арқылы қамтамасыз етіледі.

■ Басқару панелінде температуралар шкаласы салынған. Тұмшапеште Сізге қажетті температураны орнату үшін тұмшапештің жанарғысын басқару тұтқасын тиісті күйге бұраңыз.

12.2. Тұмшапештің негізгі жанарғысын жандыру

1. Тұмшапештің есігін ашыңыз.

2. Жағылған сіріңкені тұтандырғыш тесікке жақындатыңыз.

3. Басқару тұтқасын басып, сағат тіліне қарсы бағытта «үлкен жалын» күйіне бұраңыз.

4. Жалын пайда болған кезде қауіпсіздік құрылғысы істеп кетуі үшін басқару тұтқасын басылған күйінде 10 секунд ұстап тұру қажет.

5. Тұтқаны жіберіңіз де жалынның сөнбегеніне көз жеткізген соң, есікті жабыңыз.

6. Тұмшапешті кемінде 2 минут «кіші жалын» күйінде қыздырыңыз.

7. Басқару тұтқасын қажетті күйге орнатыңыз.

8. Егер жанарғы сөніп қалса, тұтқаны «жабық» күйіне бұраңыз да шамамен 1 минут күтіп, жандыруды қайталаңыз.


Назар аударыңыз!

!! Тұмшапештің жанарғысы жанғаннан кейін сіріңкені тұтандырғыш тесікке тастамаңыз. Бұл жанарғы тұтануының нашарлауына әкеп соғу мүмкін.

13. ҰСЫНЫСТАР

13.1. ҮСТЕЛ ЖАНАРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

- ! Ыдыстың өлшемдерін және жанарғылардың жұмыс режимін жалын ыдыстың шетінен асып кетпейтіндей және ыдыс қабырғаларын «жаламайтындай» етіп таңдау қажет (9- сурет).



- Сұйықтықты қайнатқан кезде, қақпақты ашу не жылжыту қажет болмайтын минималды режимді орнатыңыз. Түбі қалыңдау ыдысты пайдалануды ұсынамыз.

13.2. ТҰМШАПЕШ ЖАНАРҒЫЛАРЫН ПАЙДАЛАНУ БОЙЫНША

- Сатып алғаннан кейін тұмшапеш пен науаны жылы сабынды ерітіндімен жуып, содан кейін тазалап сүртіп құрғату керек.
- Алғаш рет пайдаланар алдында консервациялық материалдарды жою үшін бос тұмшапешті 30 мин ішінде «үлкен жалын» режимінде қыздырып алған жөн.
- Тамақ әзірлеу кезінде науа тордың ортасына орнатылғанын, артқы қабырғаға тіреліп тұрмағанын қадағалаңыз. Тұмшапеште ешқандай артық заттар (табалар, кастрөлдер, пісіруге арналған қалыптар және т.б.) болмауы тиіс.
- Осы ережелерді сақтамау жылу ағындарының бұзылуына әкеледі және піскен тағамды бүлдіреді.
- Егер рецептте айрықша нұсқаулар болмаса, дайындалатын тағамды тұмшапешке орнатар алдында оны пісіру температурасында 10 минут қыздырып алу қажет.
- Әдетте тұмшапеште пісіру үшін (170...220)°C шектегі температура пайдаланылады.
- Пісіру кезінде тұмшапештің есігін аша бермеуге тырысыңыз, әсіресе, бәліш көтерілуге тиісті болса. Тағамның дайындалуын плитаның қарау терезесі арқылы бақылаңыз.

Сізге естелік! Желідегі газдың қысымы және оның жылу шығару қабілеті әртүрлі өңірлерде әртүрлі болатындықтан, барлық келтірілген ұсыныстар нақты жағдайға қарай, Сіздің өз тәжірибеңізбен толықтырылуы мүмкін.

14. ПЛИТАНЫ КҮТІП ҰСТАУ

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР:

- Плитаны таза ұстаңыз. Бұл тамақты дәмдірек етеді, әрі өзіңіз тамақ әзірлеу процесіне риза боласыз, ал плита ұзақ қызмет ететін болады.
- Бүмен тазартуды пайдаланбайды.

Тазарту үшін мыналарды пайдалануға болмайды:

- Қажағыш материалдар (қатты ұсақ түйіршікті заттар).
- Құрамында құм, сода, қышқылдар және плитаның бетіне қайтымсыз зиян келтіруі мүмкін басқа да жемір компоненттер бар тазартқыш құралдар.
- ластануларды жоюға арналған қатты жөкелер, металл жөкелер немесе пышақ және басқа да дөрекі заттар.

Тазарту үшін мыналарды пайдалануға ұсынамыз:

- Жұмсақ мата, микрофибрадан жасалған жұмсақ майлықтар.
- Құрамында жоғарыда аталған заттар жоқ арнайы жуғыш құралдар, ыдысқа арналған сұйық жуғыш құралдар.

Пайдалы кеңестер:

- Тезімді және ескі қатып қалған ластануларды алдын ала жібітіп алып, содан кейін құрғақ майлықпен сүртіп алу қажет.

- Майды аздап арнайы құрал қосылған жылы сумен жуып тазартуға болады.
- Жанарғыларды тазалау немесе плита үстелін жуу үшін, жанарғыларды шешіп алуға болады.
- Ластанған және дымқыл разрядтағыштар істемеуі мүмкін. Үстелді және керамикалық разрядтағыштарды тазалаған кезде ұқыпты болыңыз. Сынған разрядтағыш жөндеуге жатпайды, оны ауыстыру қажет.
- Тұмшашесті пайдаланғаннан кейін оны жуғыш құрал қосылған жылы сумен жуып, тазалап сүртіп құрғатып алу қажет. Майды кетіру үшін арнайы аэрозоль құралын қолдануға болады.
- Тұмшашесті ол әлі жылы кезінде жуу айтарлықтай жеңіл болады. Қатып қалған ластануларды дымқыл шүберекпен жібітіп, тазартқыш құралдың көмегімен кетіру қажет.

ЭМАЛЬДАНҒАН ЖАБЫНЫ БАР БӨЛШЕКТЕРДІ ЖӘНЕ СЫРЛАНҒАН БӨЛШЕКТЕРДІ КҮТІП ҰСТАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ:

- Плитаның үстелі, басқару панелі және тұмшашестің ішкі беті силикат эмаль жабынымен жабылған. Қалған көрінетін бөлшектер бояумен сырланған.
- Тазартқыш құралдарды қолданар алдында жабын төзімділігін кішкене бір учаскеде көзге көрінбейтін жерде тексеріп алу керек.
- Эмальмен жабылған бөлшектерді тазалау кезінде сырланған беттерге арналмаған құрал бояумен жабылған бөлшектерге тимеуін қадағалаңыз.
- Эмальды жабынға қарағанда, сырланған беттердің тазартқыш құралдарға төзімділігі аздау болады, сондықтан жабынның қайтымсыз бүлінуін болдырмау үшін, сырланған беттерді жуу үшін, құрамында еріткіштер, қажағыш материалдар мен >5% сілтілер бар жуғыш және тазартқыш заттарды қолданбаңыз. Аяқтағаннан кейін бетін таза сумен жуып, жұмсақ матамен немесе арнайы майлықпен құрғатып сүртіңіз.

Ескерту! Тұмшашеш өсігінің өйнегін тазалау үшін қатты қажағыш тазартқыштарды немесе қатты металл қырғыштарды пайдаланбаңыз, өйткені олар плита бетін сырып, плита уатылып сынуы мүмкін.

15. ЕГЕР БІРДЕҢЕ ОЛАЙ БОЛМАЙ ШЫҚСА...

Не болды	Себебі	Қалай жоюға болады
1. Үстел жанарғысы жанбайды немесе нашар жанады	- жанарғы арналарына бөтен бөлшектер түсіп кеткен (лас немесе ылғал);	- жанарғыны тазартып. кептіріп алыңыз;
	- жанарғы қисық орнатылған;	- жанарғыны дұрыс орнатыңыз;
	- шүмек бітеліп қалған;	- * жіңішке сыммен немесе инемен шүмекті тазалаңыз;
	- желідегі қысым тым аз.	- газбен жабдықтау қызметіне жүгініңіз.
2. Жанарғы жалын үзіп күштеніп жанады	- жанарғы арналарына лас немесе ылғал түсіп кеткен;	- газды жану тұрақтанғанға дейін тұтқамен азайтыңыз;
		- жанарғының қапалағындағы тесіктерді тазалаңыз. Орнына салар алдында жанарғының қапалағы мен үстін құрғатып сүртіңіз.
Жалын тұрақсыз	- желідегі қысым тым көп.	- газбен жабдықтау қызметіне жүгініңіз.
3. Қауыпсіздік құрылғысы істап кетпей тұр	- термोजұп (ұзартқыш) кранға жалғанатын жерінде түйіспей тұр;	- *бекіткіш сомындарды қатайтыңыз.
	- термोजұптың ұшы жалынға дұрыс қойылмаған;	- * термोजұптың күйін қойыңыз;
	- термोजұп ақаулы;	- *термोजұпты ауыстырыңыз;
	- электромагниттік клапан ақаулы;	- *электромагниттік клапанды ауыстырыңыз;
4. Кранды басқару тұтқасы қарысып қалды	- кранның майлағышы таусылып қалған.	- *кранды майлаңыз (кранды майлау 3 жылда кемінде 1 рет).
		- *кранды тексеріңіз.

* - жұмыстарды сервис қызметі орындайды.

16. ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

- Плиталарды зауыттық қаптамада, биіктігі бойынша үш қатардан асырмай, тік күйінде тасымалдау және сақтау қажет.
- Көлік және қоймалар плиталардың атмосфералық жауын-шашыннан және механикалық зақымданулардан қорғалуын қамтамасыз етуі тиіс.
- Плита ауа температурасы минус 50 °С-тан плюс 40 °С-қа дейін болатын, салыстырмалы ылғалдылығы 75%-дан аспайтын, ауада плитаның материалдарына зиянды әсер ететін қышқылды және басқа да булар болмайтын, табиғи желдетілетін орынжайларда сақталуы тиіс.

17. КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

- Егер ескі плитаны ауыстырғыңыз келсе, оны мамандандырылған ұйымға тапсыру қажет.
- Плита қоқыс тастайтын жерге жіберілетін жағдайда, оны барынша қауіпсіз етуді ойлаңыз. Бұл үшін крандарды шешіп алып және тұмшاپеш есігінің әйнектерін бөлек кәдеге жаратып, істен шығару қажет.

18. ЗАУЫТТЫҢ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«ГАЗПРОМ БЫТОВЫЕ СИСТЕМЫ» АҚ ЧАЙКОВСКИЙ ФИЛИАЛЫ

Ресей, 617762, Пермь өлкесі, Чайковский қ., «Сутозово» өнеркәсіптік ауданы,
Пошталық мекенжайы: Ресей, 617762, Пермь өлкесі, Чайковский қ., Советская көш., 45, а/ж 402.

Тел.: (34241) 7-28-10,

факс: (34241) 7-28-23,

сервис қызметі: (34241) 7-28-88,

Тегін жедел желі: 8-800-775-80-78

E-mail: info@darina.su

19. ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТТАР ТІЗБЕСІ

ГОСТ Р 50696-2006 Тамақ дайындауға арналған тұрмыстық газ аспаптары.
Жалпы техникалық талаптар мен
сынақтар әдістері

Плита модельдерінің жіктелімі

№ п/п	Плиталардың жайпылық элементтері	GM441 плиталарының модельдік қатары	
		GM441 001	GM441 101
1.	«Газ-бақылау» құрылғысы - үстел жанарғылары - тұмшاپеш жанарғылары	-	+
		+	+
2.	Қалқанша	+	+

Плита стилі:

S4 - құрылыс ұйымдарына арналған
стиль.

**Плитаңыздың орындалу нұсқасы «Қабылдау туралы куәлігі»
бөліміндегі кепілдік міндеттемелерінде көрсетілген.**